23621595821

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 18 ақпан № 3313-26-00-2/113 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Садуакасова М.М.,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Табиғат» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«КП» жеке кәсіпкері Поверина Евгения Рудольфовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 109-бабының 1-бөлігін, 223 және 226-баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Табиғат» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«КП» жеке кәсіпкері Поверина Евгения Рудольфовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КП» жеке кәсіпкері Поверина Евгения Рудольфовнадан мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья **Садуакасова М.М.**

Құжатқа қол қойылған: Садуакасова М.М., 18.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2026, судья Садуакасова М.М., 27.03.2026

3313-26-3-1/73